

## **Аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті.**

Сарыағаш ауданы, Құркелес және Тегісшіл ауылдық округтеріне қарасты кейбір елді мекендердің (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) дамыту және құрылыс салу схемаларын бекіту бойынша аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссия отырыс өткізді.

Бүгінгі комиссия отырысына ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы Е.Қосмұратов, Құркелес ауылдық округінің әкімі Қ.Иматов, Тегісшіл ауылдық округінің әкімі Т.Кемелбеков және мердігер мекеменің басшысы қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы Е.Қосмұратовқа берілді.

Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы Е.Қосмұратов Құркелес ауылдық округі Ақ үй, Береке және Тегісшіл ауылдық округі Мәдениет, Таскескен елді мекендердің аумағын кеңейтіп қосымша тұрғын үй, мектеп, бала бақша тағы басқа құрылыстары үшін жерлер беріледі және соғылып қойылған үйлерге құжат беру жұмыстары жүргізілетіндегін айтып өтті.

Е.Қосмуратовтың баяндамасын тыңдап, комиссия төмендегідей қаулы етті.

Сарыағаш ауданы, Құркелес және Тегісшіл ауылдық округтеріне қарасты кейбір елді мекендердің (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) дамыту және құрылыс салу схемаларын бекіту туралы мәселе бірлескен тұрақты комиссия отырысына жіберілді.